

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ
КРИМИНОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ (ЖАЛПЫ БӨЛІМ)»
ПӘНІ БОЙЫНША
ЕСЕПТЕР ЖАСАҒЫ**

ҚАРАҒАНДЫ 2023

Есептер жинағы. «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (Жалпы бөлім)» пәні бойынша. / Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023.

Авторлық ұжым: кафедра бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі *Г.Ж. Мұхамадиева*, кафедра профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі *С. Қ. Алтайбаев*; кафедра аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция подполковнигі *Ө. А. Тұрғанов*; кафедра оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны *Ұ. Е. Түгелбаев*;

Пікір жазғандар:

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, доцент *А.Ж. Машабаев*

Қарағанды экономикалық университетінің экономикалық және құқықтық зерттеулер ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты, доцент *Б.У. Сейтхожин*.

Бұл есептер жинағы «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (Жалпы бөлім)» атты пән бойынша мәселелерін қамтиды. Жинақты Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының ұжымы дайындады. Жинаққа енген мысалдар сот-тергеу тәжірибесінен арнайы өңделіп алынды. Есептердің шарттарындағы оқиғалар мен адам аттары және нақты қылмыстық іс-әрекеттер мен тұлғаларға қандай да бір сәйкес келуі кездейсоқ болып табылады.

Бұл есептер жинағы Қазақстандағы заң оқу орындарының курсанттарына, студенттеріне, білім алушыларына және оқытушыларына, сондай-ақ тәжірибе қызметкерлеріне арналады.

ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен басылды.

Қазақстан Республикасының жоғары заң оқу орындарында қылмыстық құқықты оқытуда тәжірибе сабақтарына аса маңызды көңіл бөлінеді. Тәжірибе сабақтарының негізгі мақсаты — курсанттарға сот-тергеу тәжірибесінің нақты жағдайларында қылмыстық заңды дұрыс қолдануды үйрету. Тәжірибелік сабақтар қазіргі таңдағы қылмыстық заңнаманың, қылмыстық құқық теориясының терең игерілуіне, курсанттардың пәнді оқу әдістемесін және нақты бір тәжірибелік есептерді шешуде дербес жұмыстар жасауды меңгеруіне ықпал етеді.

Жинақты дайындау барысында авторлық ұжым Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі баптарының қағидалары мен Қазақстан Республикасы Жоғары Сот түсіндірмелері басшылыққа алынды, сондай-ақ қылмыстылықпен күрестің қазіргі заманға сай өзекті міндеттері ескерілді. Сондықтан тәжірибелік есептерді құрастыру барысында пән бағдарламасының негізгі мәселелерін қамту, қылмыстық заңнаманың мазмұнын неғұрлым толық ашу, оны қолдануда теория мен тәжірибенің келіспеушілік мәселелерін ескеру мақсаттары көзделді.

Ұсынылып отырған есептер сот-тергеу тәжірибесінің тиісті түрде өңделген мысалдарын немесе оқыту мақсатында ойдан құрастырылған қылмыстық іс оқиғаларын құрайды.

Есептерде көрсетілген жағдайлар анықталған деп саналады, сонымен қатар есепті шешуге қажетті шарттардың бәрі берілген деп есептеледі. Дегенмен де, жекелеген есептерде оқиғалардың баяндалуына өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі, әрі сол арқылы есептің жаңа, өзгертілген нұсқалары жасалуы мүмкін. Есеп шарттарын өзгерту жөнінде тәжірибелік сабақ тапсырмасында көрсетілуі міндетті болып табылады.

Есептерді шешу барысында олардың негізделуіне және дәйектелуіне ерекше назар аудару қажет. Есеп шешімінде заңдарға, Қазақстан Республикасы Жоғары Соты түсіндірмелеріне, қылмыстық құқықтың теориялық қағидаларына сүйенген дұрыс және тапсырмада көрсетілген сұрақтарға ғана емес, сондай-ақ есептен туындайтын өзге де сұрақтарды қамтыған жөн.

Авторлық ұжыммен ұсынылып отырған есептер жинағының «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (Жалпы бөлім)» атты пәні курсанттарға оқуда қажетті көмек көрсететініне үміт артады. Есептер жинағының мазмұны мен құралымына қатысты ескертулер мен ұсыныстарыңыз болса Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы қылмыстық құқық және криминология кафедрасына жіберулеріңізді сұраймыз.

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢ

1. Қырғызстан азаматы Мурзабеков Астана-Алматы поездымен келе жатып, Шу стансасында біреудің мүлкін ұрлайды. Сол үшін ҚР ҚК 188-бабымен жауапкершілікке тартылды. Кассациялық шағымында ол Қырғызстан Республикасының азаматы және сонда тұратындықтан сол елдің заңдарына сай жауапкершілікке тартылуын сұрады.

Мурзабековтың жауапкершілігі туралы мәселені шешіңіздер.

2. «Қарлығаш» туристік фирмасының менеджері Каверин шетелге жұмыс бабындағы тапсырмамен іссапарға жіберілді. Германияға автобуспен бара жатқан жолда ол Ресей аумағында бұзақылық жасайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтық заңның аумақтық күші туралы мәселе қалай шешіледі?

3. «Сеул» мейрамханасында төбелес болды. Белгісіз ер адам мейрамхана қызметкерлерін қорлап, оларға тіл тигізеді. Ескертуді тыңдамаған оларға жедел полиция наряды шақырылды. Тексеру барысында әлгі белгісіз жігіт шетел дипломатының ұлы болып шықты.

Осы оқиғадағы кінәлі адамға қандай тәртіпте және қандай шаралар қолданылуы тиіс?

4. Азамат Шульгин Ресей Федерациясында зорлау қылмысы үшін сотталып, жазасын өтегеннен кейін Қазақстанға келіп, тағы да сондай қылмыстық құқық бұзушылыққа барады. Шульгиннің іс-әрекетін алдын ала тергеу органдары ҚР ҚК 120-бабының 2-бөлігіне сәйкес саралады.

Шульгиннің әрекеттеріне қылмыстық құқық бұзушылықтық-құқықтық тұрғыдан баға беріңіз.

5. Пара алуға қатысты оның бірнеше рет қайталануы белгілерін түсіндіруде сот-тергеу тәжірибенің қиындықтарға ұрынуына байланысты, 1995 ж. 22-желтоқсанда өткен ҚР Жоғарғы Сот Пленумы былайша түсініктеме берді: «бірнеше рет пара алу, пара беру және паракорлыққа делдалдық жасауды – егер қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тарту мерзімі өтіп кетпеген болса бір қылмыстық құқық бұзушылықты екі немесе одан да көп рет жасау деп түсінеміз. Бірнеше тұлғадан бір мезетте пара алу, егер де әрбір пара берушінің мүддесі үшін жеке-жеке әрекет жасалынса, онда ол бірнеше рет пара алу деп саралануы тиіс. Пара берушінің қалаған нәтижелерін қамтамасыз етуші әрекеттерді орындау немесе орындамау үшін бірнеше әдіспен пара беру не пара алу, сол сияқты өзара алдын ала қылмыстық құқық бұзушылық жасаушы лауазым тұлғалары тобына пара беру, немесе көрсетілген жағдайларда жасалған делдалдық бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылмайды».

Қылмыстық құқық бұзушылықтық заңды түсіндіру дегеніміз не? Қылмыстық құқық бұзушылықтық заңды түсіндірудің түрлерін атаңыз.

6. Жалған ақша жасағаны үшін қуғындалған Ресей азаматы Петров Қазақстан аумағында жасырынады, бірақ сол жерде қолға түседі.

Қазақстан жағы сол азаматты шетел үкіметіне беруге міндетті ме?

7. Жақыпбаев Алматы қаласының дүкенінен ұрлық жасаймын деп шешеді. Бұл іске ол бұрын Қырғызстан Республикасы Ош қаласында тұратын өзімен бірге бостандығынан айыру мекемесінде болған танысы Басовты шақырады. Басов ұрлыққа қатысудан бас тартқан. Бірақ қылмыстық құқық бұзушылықтық жолмен табылған заттарды жасыруға уәде береді. Ол Жақыпбаев алып келген заттарды өз сарайына жасырып қалады.

Сыбайластарға қандай заң қолданылуы тиіс?

8. Азамат Галиев шетел аумағында өз көлігімен туристік сапарда жүргенде шетел азаматын қағып кетеді. Жол көлік оқиға салдарынан шетел азаматтың денсаулығына ауыр зиян келтірген. Азамат Галиев жауапкершілікке тартылып, жазасын өтеп болған соң ол Қазақстанға қайтып оралады.

Қазақстан азаматтарының шетелде жүріп жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін жауапкершілік мәселесі қалай шешіледі?

Галиевтің шетелде жаза өтегені ескеріле ме?

9. Әлжасова ҚР ҚК 327-бабы бойынша ветеринарлық ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылады. Айып тағу қаулысында оның нақты қандай ережелерді бұзғандығы айтылмайды деп, сот қылмыстық құқық бұзушылықтық істі қосымша тергеуге жіберген.

Диспозиция түрін анықтаңыз.

10. Харченкова басқа әйелмен кетіп қалған күйеуінен өш алмақ болады. Осы мақсатпен ол шампан құйылған фужерге у септі. Күйеуі оны Алматыдан Калининградқа іссапарға ұшайын деп тұрғанда ішеді. Ұшақ Екатеринбургтің үстінен ұшып бара жатқанда ол қайтыс болды.

Харченкованың жауапкершілігі туралы мәселені шешіңіздер.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасалған орын қалай анықталады?

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТҮСІНІГІ

1. 15 жасар Попов және 14 жасар Есенов екеуі Земскойдың сарайына заңсыз кіріп, онда тұрған компотты ішкен. Сарайдың иесі Земской жеткіншектерді полицияға әкеп, оларды ҚР ҚК 188 баптың 3 бөлігі 3 тармағымен қылмыстық құқық бұзушылық жасаған үшін жауапкершілікке тартуға арыз жазған.

*Жасаған әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері бар ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.*

2. Рельсайырғыш (стрелочник) Коренев кезекшіліктен үйіне келе жатқанда теміржол төсенішімен жүреді. Бір километрдей жүрген соң ол бір айрықта рельстердің жігі ашылып кеткенін байқайды. Үйіне келген немере ағасына асыққан Коренев көргенін ешкімге айтпайды. Ағаш дайындау жұмысынан жұмысшыларды әкеле жатқан мотодрезина жаңағы участокта 3 сағаттан кейін апатқа ұшырады.

*Кореневтің әрекетсіздігі қылмыстық құқық бұзушылық болып санала ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.*

3. Жүк машинасын мас күйінде жүргізіп келе жатқан Ионов қозғалыс жылдамдығын асырып алып қыз баланы қағып кетеді. Қыздың денсаулығына ауыр зиян келеді де шамалы уақыт өтпей бала оқиға болған жерде өліп кетеді.

*Ионовтың әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері бар ма?
Ионовтың әрекеті қылмыстық құқық бұзушылықтардың қай санатына жатады?*

4. Баласы болуын қаламаған Оразқұлова босанысымен нәрестені әжетханаға тастады. Көп ұзамай нәрестенің мәйіті табылды. Соттық-дәрігерлік сараптама нәрестенің өлі туғанын анықтап берді, ал Оразқұлова оны білмеген.

*Оразқұлованың әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.*

5. Рымбаев пен Соколов екеуі жүк вагонын тесіп, екі қарбыз ұрлап алады. Оларды күзетшілер ұстап алып, ҚР ҚК 188-бабының 2-бөлігі 2-тармағымен қылмыстық құқық бұзушылық үшін полиция қызметкерлері жауапкершілікке тартқан.

Рымбаев мен Соколовтың әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері бар ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.

6. Дурнев түнгі көшеде бір әйелді пышақпен қорқытып қолындағы сөмкесін талап етеді. Қорыққан әйел оның талабын орындайды. Сөмкеде ерін бояғыш пен пудра және бірнеше тиын жатқан екен.

Дурневтің әрекеті ҚР ҚК 10-бабының 4-бөлігіне жатқызып, қылмыс болып табылмайды дей аламыз ба?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.

7. Пашкова жұмысына кетер алдында өз пәтершісі Гитаренкодан балаларына қарай тұруын сұраған. Гитаренко кешке қарай өзіне келген жолдастарымен ішімдік ішіп, олар кеткеннен кейін ұйықтауға жатқан. Гитаренконың сөндірімеген темекісінен өрт шығады. Гитаренко жанып жатқан пәтерден Пашкованың балаларын ғана алып шығып үлгереді. Өрттен пәтердегі төсек, үстел, теледидар, киімдер және Пашкованың басқа да жеке дүниесі және Гитаренконың да мүлкінің бір бөлігі жанып кетеді.

*Гитаренконың әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық болып таныла ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.*

8. “Күзет” жекеменшік күзет фирмасының қызметкерлері Мохин мен Лапин қалалық аурухана ғимаратын күзеткен. Түнгі кезекшіліктің бірінде аурухана ғимаратын айнала тексеріп жүріп, олар терезеден аурухананың қосалқы есігін ашуға тырысып жатқан бір ер адамды байқап қалады. Мохин мен Лапин далаға жүгіріп шығып, ер адамды ұрып, теуіп соққылай бастайды да оның денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіреді. Жәбірленуші мас Петренко болып шықты. Ол аурухананың қосалқы есігін өз үйінің есігімен шатастырған екен.

Мохин мен Лапинның әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық болып табыла ма?

Қылмыстық құқық бұзушылық санаттарын атаңыз.

9. Скобелева ОӘД-нің (ЦУМ) сыпырушысы болып жұмыс істеп жүріп, 11 мыңның костюмын ұрлап алған. Өз мінез-құлқын түсініп, ол бір күннен кейін бөлім сатушысына костюмді әкеп береді. Сатушы қалалық ІІБ бастығына Скобелеваны жауапкершілікке тарту туралы арыз жазады.

*Скобелеваның әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық болып табыла ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.*

10. Түнгі уақытта жедел жәрдем Коваленко деген азаматты ішінің оң жақ бөлігінің қатты ауруымен ауруханаға әкелді. Дәрігер Шуров оны қарағаннан кейін «соқыршек» деп диагноз қойды. Содан кейін операцияға кірісті. Операцияны жасап жатқанда Свиридов қайтыс болды. Мәйітті ашып қараған кезінде диагнозы дұрыс қойылмағаны анықталды.

*Шуровтың әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық болып табыла ма ?
Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.*

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ОБЪЕКТІСІ

1. Саввин автобус ішінде жанында тұрған азаматшаның сөмкесіне қолын салып ақша салатын әмиянын ұрлап алған. Онда автобус билетінен басқа өзге ешнәрсе болмай шығады.

Саввиннің әрекеті қылмыстық құқық бұзушылыққа жатады ма?

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

2. Өскемен қаласында есігі ашық пәтерге кірген Никулин әйелді пышақпен қорқытып 52 000 теңгенің мүлкін (алтын бұйымдары мен киімдерін) иеленген. Жедел шаралар нәтижесінде, ол ұрланған заттарды сатпақшы болған кезде қолға түсті.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін анықтаңыз.

Негізгі тікелей объектінің қосымша және факультативті объекіден айырмашылығы неде?

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

3. Думанов мас күйінде «Кеншілер» мәдениет сарайы жанында төбелес бастап Зоевты ұрып, оның шалбарын жыртып, басқа азаматтарды да пышақпен қорқытып, оқушылардың көзінше балағат сөздер айтады. Думановтың әрекеттерін тыймақ болған полиция қызметкері Үмбетбаев өзіне қарсы шығып қол жұмсамақ болады.

Думановтың әрекеттерін қылмыстық құқық бұзушылыққа жатқызуға бола ма?

Егер болса қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

4. Алимовтан өш алмақ болған Сизов оны үйінің жанында күтіп тұрып қолдан жасалған тапаншадан атады. Соңынан Сизов қателесіп Алимов деп ойлап Басов деген басқа азаматты өлтіргені анықталады.

Сизов жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісіне сараптама беріңіз.

Осы жағдайда қол сұғушылық объектісіндегі қателік жауапкершілікке ықпал ете ме?

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

5. Ешқайда шықпау туралы қолхат берген Асқаров тергеуші Абазовпен есеп айырыспақ болады. Кешқұрым уақытта Абазовтың жұмыстан қайтқанын тосқан ол тергеушіні тапаншадан атып өлтіреді. Соңынан өлген кісі Абазовтың көршісі Мишин екендігі анықталды.

Асқаров жасаған қылмыстық құқық бұзушылық объектісіне сараптама жасаңыз.

Осы жағдайда қол сұғушылық объектісіндегі қателік жауапкершілікке ықпал ете ме?

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

6. Акшин түнгі уақытта балта мен шеге суырғыштың көмегімен Топар кентіндегі дүкеннің есігін бұзып, оның ішіне енеді. Қатты шыққан дыбыстан күзетші Малинин дүкенге жүгіріп келеді. Акшин оны шеге суырғышпен басынан ұрып, оның денсаулығына ауыр зақым келтіріп, өзімен 4 бөтелке арақ алып; ізін жасырады. Біршама уақыттан соң ол ұсталады да ҚР ҚК 192-бабының 2-бөлігінің «3» және «4» тармақтарымен бойынша сотталады.

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісін анықтаңыз.

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі мен затына сипаттама беріңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

7. Осин мен Топаров кафедра бөлмесінен бірнеше курстық жұмыстарды жымқырып алып, оларды сырттай оқу бөлімінің студенттеріне сатпақ болады.

Осин мен Топаровтың әрекеттерін қылмыстық құқық бұзушылыққа жатқызуға бола ма?

Егер ол қылмыстық құқық бұзушылық болса, онда оның объектісін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

8. Севастьянов өз үйінде тиісті рұқсатсыз «Браунинг» тапаншасын ұстаған. Оны білген Шведов тапаншаны жабылмайтын шкафтан алып кетеді. Содан соң ол банк кассиріне қару кезеп, одан ақша талап етеді. Кассир дабыл көтергенде Шведов оны тапаншадан атып өлтіріп, қаруды тастай салады да жасырынып кетпек болады.

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі мен затын анықтаңыз.

*Қылмыстық құқық бұзушылық құралына не жатады?
Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

9. Дарбаев түнгі уақытта геологиялық іздеу партиясының қоймасы бар жайдың қабырғасын бұзып кіріп, одан жалпы сомасы 16 800 теңге тұратын азық пен тауарлы-материалдық құндылықтарды жымқырып кетеді. Сондай-ақ ол кіші калибрлі мылтық, оның 80 оғын және 2 кг жарылғыш заттарын алып, оларды кейіннен балық аулауға қолданған.

Дарбаев жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың қол сұғушылықтың объектілерін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ОБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ

1. Жүргізуші Смаилов жол қозғалысы ережелерін бұзды, соның салдарынан азаматша Асланованың денсаулығына абайсызда ауыр жарақат келтірді. Смаилов жәбірленушіге көмек көрсетпей, оқиға болған жерден ізін жасырады. Жанынан өтіп бара жатқан жүргізуші Петров та жол жиегінде жатқан Асланованың көмек сұрауына қарамастан оған жәрдемдеспейді.

Әрекеттің объективтік жағына сипаттама беріңіз. Қылмыстық құқық бұзушылықтың әрекетсіздік дегеніміз не? Талқылауға нұсқалар құрыңдар.

2. Слесарь Григорьев гаражда абайсызда жеңіл автокөлікті колодкадан қозғалтып алады. Соның нәтижесінде заводқа 80 000 теңге көлемінде шығын келеді.

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағына талдау жасаңыз. Талқылауға нұсқалар құрыңдар.

3. Автокөлік жүргізушісі Салимов жол қозғалысы қауіпсіздігі ережелерін бұзып, жүк машинасының қорабына алты адамды отырғызып, оларды қалаға ала кетеді. Машина жолда еңіске құлап кетеді. Барлық жолаушы дене жарақатын алды, ал біреуі сол жерде қаза тапты. Автотехникалық сараптаманың қорытындысы бойынша жол апатының себебі рульдік механизмде болған жасырын ақау салдарынан руль бұрылмай қалып жүргізуші тежеуішті басып үлгергенше машина аударылған.

Жүргізуші Салимотың жол қозғалысы ережелерін бұзуынан туған зардаптың арасында себепті байланыс бар ма?

Себепті байланыстың түрлерін атаңыз. Талқылауға нұсқалар құрыңдар.

4. Жүк автомашинасы мен автобустың соқтығысуы нәтижесінде Мусин қатты соққыдан қораптан ұшып кетіп, өтіп бара жатқан Стефанидиге құлап, оның денсаулығына ауыр зиян келтірді.

Әрекеттің объективтік жағына сипаттама беріңіз.

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының қандай белгілері міндетті болып табылады.

Талқылауға нұсқалар құрыңдар.

5. Самарқанд су қоймасында желкенді кеме жарысы барысында Смеляков алдында келе жатқан яхтаның сигналды буйда бұрыла бергенде аударылғанын және желкенімен яхташыны басып қалғанын, әрі өміріне қауіпті жағдайға түскенін және оның көмекке зәру екенін көреді. Алайда жарыста жеңу мақсатымен ол жолдасына көмек көрсетпей өтіп кетеді. Яхташы қаза табады.

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағына сипаттама беріңіз.

Әрекетсіздік дегенді қалай түсінуге болады.

Талқылауға нұсқалар құрыңдар.

6. Азаматша Сариева өзімен бірге тұратын Муратовтан екіқабат болып, оның өзімен неке қиюын сұрайды. Муратов онымен келіспейді. Оны масқара санаған Сариева өз-өзіне қол салып асылып өледі. Ол өліміне Муратов кінәлі деп хат қалдырады.

Муратовтың әрекеті мен Сариеваның өлімінің арасында себепті байланыс бар ма?

Себепті байланысты қалай түсінуге болады?

Талқылауға нұсқалар құрыңдар.

7. Дәрігір-дерматолог Силина шешесіне ауылға демалысқа келеді. Түнде көршілері Изатовтар есік қағып, өздерінің қызында соқыршек приступы басталғанын айтып, Силинадан көмек сұрайды. Силина ауруды қарап шығып, өзінің хирург еместігінен көмектесе алмайтындығын айтып, аудандық емханамен хабарласуға нұсқау беріп, үйіне кетіп қалады. Байланыс желісінің бұзылуынан ауруға дер кезінде көмек көрсетілмейді де ол қаза табады. Изатовтар Силинаны ҚР ҚК 320-бабының 2-бөлігімен қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартуды талап етеді.

Силинаның әрекетінде қоғамға қауіптілік бар ма ?

Талқылауға нұсқалар құрыңдар.

8. Есімов жаттығудан кейін үйіне қайтып келе жатқан. Оның алдынан мас күйінде Мұсаев шығып, Есимовқа тиісе бастады. Өтіп бара жатқандардың ескертулеріне қарамастан Мұсаев балағат сөздерін тоқтатпай Есімовты ұрмақ болады, алайда ол Мұсаевтың өзін ұрып жібереді, аяғында тұра алмаған Мұсаев құлайды. Мұсаев басымен асфальтқа соғылып, есін жия алмай екі сағаттан кейін ауруханада қаза табады.

Есимовтың әрекетін Мұсаевтың өлімінің себебі ретінде тануға бола ма?

Талқылауға нұсқалар құрыңдар.

9. Қысты күні кеште Саттаров пен Кисин мас Кирияновты кездестіреді. Олар оның киімдерін шешіп алып қашып кетеді. Іш киіммен қалған Кирияновқа қатты суық тиіп, ол 10 күннен кейін ауруханада қаза табады.

Саттаров пен Кисин жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағын анықтаңдар.

Объективтік жағының міндетті белгілерін атаңдар.

Талқылауға нұсқалар құрыңдар.

10. Хизиров үйіне мас болып оралады. Ашық тұрған терезені көрген ол оны жабамын деп терезе алдындағы гүлді сыртқа құлатып алады. Соның салдарынан көшеде өтіп бара жатқан Аймұхамедовтың денсаулығына ауыр зиян келтіреді.

Хизировтың әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады ма?

Талқылауға нұсқалар құрыңдар.

11. Автобус жүргізушісі Исаев алдыңғы есікті жаппай аялдамадан ақырындап қозғала бастады. Осы сәтте автобустан секіріп түсуді ойлаған жолаушы Қожаев аяғында тұра алмай артқы дөңгелек астына түсіп қаза болады.

Әрекеттің объективтік жағына сипаттама беріңіздер.

Талқылауға нұсқалар құрыңдар.

12. Ириханов пышақпен қорқыту арқылы Михинамен жыныстық қатынасқа түседі. Содан кейін ол жәбірленушіден ақша мен пәтер кілтін алып өзінің Михинамен тұрақты тұратындығын айтады. Егер полицияға хабарлайтын болса өлтіремін деп қорқытады.

Ирихановтың жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарының объективтік жағының белгілерін атаңдар.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының қандай белгілері міндетті және факультативті болып табылады?

Талқылауға нұсқалар құрыңдар.

13. Ирисметов пен Уханов арасында дау туындап, ол артынан төбелеске айналады. Уханов Ирисметовтың бетінен қолмен ұрады, ал Ирисметов қолындағы пышағымен Ухановтың кеудесінің сол жағынан ұрады. Ауруханаға жеткізілген Уханов операциядан кейін қаза табады. Сот-медициналық сараптама қорытындысы бойынша жәбірленушінің кеудесіне 5 см. пышақ кіргені анықталады, алайда өмірлік маңызды ағзалардың ешқайсысына зақым келтірілмеген. Ухановтың өлімі наркоздан кейінгі құсықтан болған асфиксия себебінен туындағаны анықталады.

Ухановтың қаза болғаны үшін Ирисметов жауапкершілікке тартылады ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ СУБЪЕКТІСІ

1. 15 жасар Попов Саматовтың иелігіндегі “Ауди-100” маркалы автокөлігін ұрлап, оны айдап кетті. Түнгі сағат 23-те Попов машинаны қала сыртына тастап кетеді. Келесі күні таңертең 13 жасар Коросев және Сыздықов Поповтың тастап кеткен машинасынан екі камера, насос және жөндеу құрал саймандарын алған.

Осы адамдардың жауапкершілігін шешіңдер.

ҚР ҚК бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісінің анықтамасын беріңіздер.

Қандай қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілік 14 жастан басталады?

2. Гереевке ұрыс кезінде мастық күйде Снетовтің басынан орындықпен бірнеше рет ұрып оны қасақана өлтіргені үшін айып тағылған. Іс жүргізген кезде тергеуші Гереевтің есінің дұрыстығын анықтау үшін оны стационарлық соттық-психиатриялық сараптамаға жіберді. Сараптаманың шешімі бойынша Гереев Снетковты өлтірген уақытында дені сау, есі дұрыс болған деп анықтады. Бірақ қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартқаннан кейін Гереевтің психикасы уақытша бұзылғаны, ол өз әрекетін ұғына алмайтыны және ие бола алмайтыны анықталған.

Гереевтің есі дұрыс емес деп айтуға бола ма?

Гереевтің қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартуға бола ма?

Оған қандай шараларды қолдануға болады?

3. 17-жасар Қалжанов қылмыстық құқық бұзушылықтық топқа 14 жасар Каримов пен 15 жасар Горинді тартты. Олар Қажановтың айтуымен екі рет контейнерден ұрлық жасады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке осы адамдарды қалай тартамыз?

Қалжановты жеткіншектерді қылмыстық құқық бұзушылыққа тартқаны үшін қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартуға бола ма?

4. 1992-жылы қыркүйек айында туған Дикалов 14-жасар Морозованы зорлаған. Морозованы зорлағаны тергеу барысында Декаловтың өзінің туған күнінде сағат 23-те саябақтың ішінде болғаны анықталды.

Дикаловты қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартуға бола ма?

Неше жастан бастап қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілік басталады?

Жеткіншектерге жазадан басқа қандай шараларды қолданудың мүмкіндігі бар?

5. Оразов бірнеше рет көліктің ішінен біреудің мүліктерін ұрлаған. Тергеу барысында Оразов психо-неврологиялық диспансердің тіркеуінде тұрғаны анықталды. Кемақылдықтың (олигофренияның) жеңіл дәрежедегі жарым естілік ауруы бар делінген. Соттық-психиатриялық сараптама бойынша Оразов есінің дұрыстығы жоққа шығармайтын психикасы бұзылуы салдарынан өзінің іс-әрекетінің іс жүзіндегі сипатымен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде ұғына алмайды не оған ие бола алмайды делінген.

Оразовтың қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілігі қалай шешіледі?

6. Карнаухов өзімен араз Хоменкодан өшін алмақ болады. Бұл үшін кемақыл Пуговкинді пайдаланды. Кешкі уақытта Хоменко үйіне бара жатқанда оған Пуговкин шабуыл жасап, басынан ағаш қазықпен ұрып денсаулығына ауыр зиян келтіреді.

Карнаухов пен Пуговкинді қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартуға бола ма?

ҚР заңнамасы бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі кім болып табылады?

7. Дабыл уақытында әскери бөлімінің автомашина жүргізушісі жалдамалы Орлов бөлімге келуден бас тартқан. Үйіне кеш келдім, дем алуым керек деп айтқан. Бөлім командирі Орловты ҚР ҚК 437-баптың 1-бөлігімен қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тарту керек деп талап етті.

Орловты ҚР ҚК 437-баппен жауапкершілікке тартуға негіз бар ма?

Қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы субъектісінің белгілері қандай?

8. Созылмалы маскүнем Мақатов мас күйінде медицина колледжінің жатақханасына келіп, жанжал шығарып, қыздарға тиісіп, бейпіл сөйлеп, бірнеше терезенің әйнегін сындырған. Комендант Прокофьева аула сыпырушының көмегімен Мақатовты жатақханадан шығармақ болған кезде ол қатты қарсыласып, комендантқа бірнеше соққы берген. Сот-психиатриялық сараптамасы бойынша Мақатовтың бұзақылығы патологиялық мастықта жасалынған деп танылған. Ол өзінің әрекетіне ие бола алмаған.

Мақатовтың жауапкершілігін шешіңдер.

Мас күйінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілігіне қандай әсері бар?

Патологиялық мастық есі дұрыс еместіктің негізі болып табыла ма?

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған маскүнемдерге, нашақрларға жаза тағайындала ма?

Оларға қандай жаза-шаралар қолдануға болады?

9. Үйде жалғыз қалған Панкратова сіріңкені алып, пердені өртей бастады. Жалыннан бүкіл үй өртеніп, оның өзінің және көршілерінің мүліктері жанып кетті. Істеген әрекеті үшін Панкратова ҚР ҚК 202-баптың 2-бөлігімен қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартылды. Істі сотта қарағанда Панкратова мектептің екі сыныбын ғана бітіргенін, 18 жасқа келгенмен қоғамдық өмірдің, жалпы жүріс-тұрыс ережелері туралы білмейтіні анықталды. Сот-психиатриялық сараптамасы бойынша Панкратова кемақыл деп танылған.

Панкратова қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілік арқалай ала ма?

Есі дұрыс еместік қандай негіздермен анықталады?

ҚР заңнамасы бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісінің белгілерін атаңыз.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ СУБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ

1. Азамат Хохлов мас күйінде 9-сынып оқушысы Нарбековаға шабуыл жасап, оны қорқыту арқылы зорлаған, алдын-ала тергеу кезінде Хохлов Нарбекова ұзын бойлы болғандықтан оны 18-жасқа толмаған деп ойлапты.

Хохловтың уәжінің құқықтық мәні қандай?

2. Сексенбаев өзінің қартайған шешесін кемсіту, оған қатыгез қарау арқылы оны үнемі қорлап жүретін. Шешесі егер ұлы оған деген қарым-қатынасын өзгертпесе, онда ол өз-өзіне қол жұмсайтынын айтып бірнеше рет ескертті. Бірақ Сексенбаев шешесінің өтінішіне құлақ аспады, нәтижесінде шешесі өз өміріне қол салады.

Сексенбаевтың ісіне субъективтік жағынан талдау жасаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

3. Максимов Сүлейменовты олардың өзара жеке қатынасын бұзғаны үшін оны өлтіруге шешім қабылдайды. Максимов түнге қарай балта алып Сүлейменовтың ауласындағы ағаштардың арасына жасырынады. Жанынан өтіп бара жатқан бір еркекті ол Сүлейменов деп ойлап, балтамен басынан ұрып өлтіреді. Қаза болған кісі басқа Сенин деген азамат болып шықты.

Максимовтың жасаған ісінде қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын көрсетіңіз.

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

4. Ченцованың жүзе алмайтынын білмеген Гусев әзілдегісі келіп оны өзен жағалауынан суға итеріп жібереді. Ченцова батып кетеді.

Гусевтың іс-әрекетінде кінә бар ма?

Болса оның түрін анықтаңыздар.

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

5. Түн ішінде орманда Қаратаев пен Климов ағаш арасынан сыбдыр естіп, Қаратаев оны жабайы қабан деп қалып оқ атып жіберген. Атылған оқ жасырынып келіп екеуін қорқытпақ болған Исабековты жаралайды.

Қаратаевтың жасаған ісінде қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын көрсетіңіз.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының міндетті белгілерін атаңыздар.

6. Футбол ойнап жүрген Тен допты қатты теуіп қалып қасынан өтіп бара жатқан зейнеткер Соколованың басына тиеді. Ол кісі доптан алған соққыдан бағанаға соғылып, миы шайқалуынан бір тәуліктен соң көз жұмған.

Тен Соколованың өліміне айыпты ма?

Жазықсыз зиян келтірудің анықтамасын беріңіздер.

Түрлерін атаңыздар.

7. Жартаев достарының үйінде масаң күйінде бола тұра, себепсізден-себепсіз мылтықтан аспашамға қарай оқ атады. Нәтижесінде, атылған оқ-дәрінің шашыраған сынықтары екі адамды жаралап, Хабибулинді өлтіреді.

Жартаев жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын талдаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

8. Фирмада күзетші болып жүрген Хамитов кезекшіліктен үйіне оралған соң мылтығын оқтан тазаламады. Баласы әкесінен мылтықтың құрылысын көрсетуін өтінеді. Хамитов мылтықтың куроғын көрсете отырып, оны тартады да, жазатайым шүріппеге қолы тиіп кетеді, нәтижесінде оқ атылып, Хамитовтың баласы қайтыс болады.

Хамитовтың іс-әрекетінде айыптың қандай түрлері байқалады?

Қасақана жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтан қандай айырмашылығы бар?

9. Қадырбеков жолға қатты асығып, таксистке поезға үлгертсең ақшаны екі есе артық төлеймін деп уәде береді. Жүргізуші көбірек ақшаға қызығып жылдамдықты арттырып жібереді. Жол торабының қиылысын келгенде ол дер кезінде тоқтай алмай Ержановты қағып кетеді де, нәтижеде ол өліп қалады.

*Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын талдаңыз.
Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.*

10. Әлихан үйіне кірген кезде еденде есінен танып, құлап жатқан әкесін көреді. Ол жедел дәрігерлік пунктте меңгеруші болып істейтін өзінің көршісі Хитринадан жәрдем сұрайды. Науқасқа укол салынады, дегенмен де оның өмірін аман алып қалу мүмкін болмайды. Әлихан әкесінің өліміне Хитрина кінәлі, өйткені кешігіп келді деп мылтықты алады да оны атып тастайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың қасақаналықтың қандай түрімен жасалғанын және ниетін анықтаңыз.

Олардың осы жағдайды саралау үшін қандай маңызы бар?

11. Слямвтің құлағына Бахин оның әйелімен көңілдес деген өсектер жетеді де ол Бахинді жек көре бастайды. Слямв Бахинды Слямв өлтірмек болады. Осы мақсатпен ол Бахтиннің үйінің кіреберісінде жасырынып, ол кіре бергенде оған мылтық атады. Жүрегінен жараланған Бахин сол жерде қайтыс болды.

Қасақаналықтың қай түрі орын алды?

Айқындалған немесе айқындалмаған қасақаналық туралы не білесіз?

12. Семин мен Рахимов мас күйлерінде бір арбада келе жатты. Екеуі жанжалдасып қалады. Семин Рахимовты байлап тастамақ болғанда екеуі де арбадан құлайды. Құлағаннан Рахимовтың мыйы шайқалып бір тәуліктен кейін қайтыс болады.

Рахимовтың өліміне Семин кінәлі деп айтуға бола ма?

Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқықтағы жазықсыз зиян келтіру түсінігін талдаңыз.

13. Қуатов пен Жүнісов ұрлық мақсатымен есікті бұзу арқылы Андрейченконың пәтеріне кірді. Пәтер иесі олардың үстінен түскен кезде Жүнісов оны құлатып, телефон сымымен қылқындыра бастайды, ал Қуатов оның ішіне бірнеше рет пышақ салады. Соның салдарынан Андрейченко көз жұмады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының мазмұнын ашыңыз.

Кінәлілердің әрекеті қасақаналықтың қай түрімен қаралады?

14. Дүйсембаеваның күйеуімен қатынасы шиеленісіп кетеді. Ол отбасын сақтап қалуға тырысып, сонымен қатар оны күйеуінің моральды міндеттемелерімен байланыстырғысы келіп, оған жүктімін дейді. Бірақ, түрлі себептермен Дүйсембаев балалы болғысы келмей, әйелін тауға серуендеуге шақырып, оны таспен басынан ұрып өлтіреді. Мәйітін ашу кезінде әйелдің жүкті еместігі анықталды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтық құқықтағы қателіктің түрлерін атаңыз.

Дүйсембаевтың жауапкершілігіне қателігі қалай әсер етеді?

15. Прохоров кешке қарай Орлованы тапаншамен қорқытып, оның алтын сырғаларын тартып алуға әрекеттенді. Бірақ та айқай-шуға адамдар жетіп келіп Прохоров қолға түсті. ҚР ҚК 192-бабының 1-бөлігіне сай Прохоров сотталған соң шағымданып, өзінің көздеген мақсатына жетпегенін, яғни сәндік бұйымдарды алмағандығын, осы себепті оны жауапкершілікке тартуға негіз жоқ екенін уәждеді.

Прохоровтың кінәлілігі мәселесін шешіңіздер.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1. Автоколонна жүргізушісі Зубков құрылыс заттарына толы көлігіне орманға бара жатқан жұмысшыларды тиеп алды. Көлік қозғалысы кезінде кенеттен болған дүмпуден бір жұмысшы құлап түсіп, соның салдарынан ол ауыр жарақаттанды.

Жұмысшының ауыр жарақаттанғанына Зубков қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

2. Әлсүгірова баланың болғанын қаламай ауыр заттар көтерумен, дәрі-дәрмектер ішіп бала тастағысы келеді. Соның себебінен ол кенеттен ерте босанды. Бала өлі туып, Әлсүгірова оны ауланың ішіне көміп тастайды.

Әлсүгірова қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

3. Бобров тежегіші істемейтін көлігімен жолға шықты. Ол жол қозғалысы ережелерін бұзып жолдың үстінде мас күйінде қикалаңдап келе жатқан ер адамды көрді. Бобровтың дыбыстық дабылына көңіл аудармаған мас адам көлік өзінен жақындап қалған кезде кенет оңға бұрылып, дөңгелектің астына түсті. Оның денсаулығына ауыр зиян келді.

Бобровтың жауапкершілігі туралы сұрақты шешіңіздер.

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

4. Ағдарбеков көшеде ойнап жүрген 9 жасар ер балаға машинамен қыдыруды ұсынды. Содан соң ол баланы вокзалға әкеліп, поезға отырғызып, басқа қалаға алып кетті. Басқа қалада ол баланы адам көп жүретін жерлерде: көшеде, вокзалда қайыр сұрауға мәжбүрлеген.

Ағдарбековтың бұл ісі үшін қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартуға бола ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

5. Сейілжанов өзінің қарт анасына ешқандай көмек көрсетпеген. Бірнеше рет анасының айтқан сөздеріне ол өз еркімен анасына көмек көрсетпейтіндігін айтқан.

Сейілжановты осы ісі үшін қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартуға бола ма?

Қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершіліктің түрлерін атаңыздар.

6. Өзінің жек көргендік қарым-қатынасы негізінде Мұқтаров түнде Кузьменконың есігіне оның бұзылғандық (азғындық) өмір салты туралы жазылған хатты жабыстырып кетеді. Таңертең ерте тұрған Кузьменко оны ешкімге көрсетпей жыртып тастайды.

Мұқтаровты осы ісі үшін қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартуға бола ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

7. Аникеев өз үйінің ауласындағы құрылысты абайсызда өртеп, сол үшін ҚР ҚК 204-бабының 2-бөлігіне сай қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартылды.

Аникеевті қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартудың негізі бар ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

8. Ішкендіктің әсерінен Ахметов Зоринға жақындап, одан темекі сұраған. Зорин темекі шекпейтінін түсіндірмек болғанда Ахметов оның бетінен жұдырығымен бір-екі рет ұрып жіберді. Кейіннен Ахметов полиция қызметкерлеріне өзінің қатты мас болғанын және өз ісіне жауап бермегендігін түсіндірді.

Ахметовты қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартуға негіз бар ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

9. 43 жастағы Мұрзалиева 15 жасар Орымбаевты мас қылып, оны өзінің төсегіне жатқызып жыныстық қатынасқа түсті. Соттық-медициналық сараптаманың негізінде Орымбаевтың жыныстық қатынасқа түсу деңгейіне жеткені танылған.

Мұрзалиеваның жауапкершілігін қалай шешуге болады?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

10. Жатақхана коменданты Парфенова жатақханада тұратын мұғалім Ермакова нашар қылықты әрі қоғамға жат өмір сүру салтын ұстайды деп Білім Департаментіне жалған өтініш береді. Бұл мәселені тексеру үшін арнайы комиссия құрылады. Ермакова мұндай ұятқа төзе алмай асылып қалады.

*Парфенованы қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартуға бола ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.*

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ КӨПТІЛІГІ

1. Бұрын екі рет сотталған Иванов Қарағанды қаласында саяжайға кіріп, сонда жатқан азықты ұрлады. Кетіп бара жатып саяжайдың иесі әйелмен кездесіп қалады да, оған шабуыл жасап, пышақпен қорқытып ақша сұрап, қылқындырады. Пышақ суық қару деп танылды.

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің түрлерін анықтаңыздар.

2. Ұрлығы үшін бірнеше рет сотталған Ковалев Қырғызстан заңдары бойынша қорқытып алушылық, тонағаны үшін сотталған Максимовпен жазаларын өтеген соң алдын ала келісім бойынша азамат А-ны шабуыл жасап тонады.

Қарағанды қаласы Қазбек би аудандық сотының үкімімен екеуінің әрекетінде қауіпті қайталану бар деп танылып және екеуі де ҚР ҚК 192-бабының 2-бөлігі бойынша төтенше қауіпсіз мекемесінде жазасын өтеуге сотталды.

Қолданыстағы қылмыстық құқық бұзушылықтық заң негізінде қауіпті қайталану бар деп тануға бола ма?

Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптігінің бір түрі ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтық қайталануына сипаттама беріңіздер.

ҚР ҚК 14-бабында адамдардың әрекетінде қауіпті қайталану деп тану ережесіне талдау жасаңыздар.

3. ҚР ҚК 188-бабы бойынша ҚР ҚК 63-бапты қолдану арқылы Октябрь аудандық соты соттаған Борисов сынақ мерзімі ішінде А-ның пәтеріне балкон арқылы кіріп, 8500 теңге тұратын мүлікті жасырын түрде ұрлады. Одан кейін тонағаны үшін іздеуде жүрген жеткіншек Соколовпен бірге бөтеннің тауық қорасына кіріп, тауықтарды (10000 теңгеге) ұрлады. Сот оларға 188-баптың 2-ші және 3-бөлігі бойынша жазалау шарасын тағайындады, Борисовты онымен қоса ҚР ҚК 132-баптың 1-бөлігі бойынша жазалады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптігінің түрін анықтаңыздар.

4. Көше төбелесі кезінде Кривохиш бұзақылық ниетпен А-ның ішіне екі рет пышақ салды, одан басқа үш жарақатты сарапшылар орташа дене жарақаты деп тапты.

Кривохиштің әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылықтың көптігі бар ма?

5. “Қаз пошта” байланыс бөлімшесінің пошташысы Соловьева пошта арқылы жіберілген ақшаны алушылардың қолын өзі қою арқылы бес ай ішінде 7000 теңгені заңсыз иемденген: 9 қаңтарда – 850 теңге, 11-ші ақпанда – 340 және 160 теңге, 23 ақпанда – 1600 теңге, 5 наурызда – 2100 теңге, 30 наурызда – 400 теңге, 25 – сәуірде – 1000 теңге, 5-ші мамырда – 550 теңге.

Соловьева әрекеті күрделі қылмыстық құқық бұзушылықтың қай түріне жатады?

Жалғаспалы қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз не?

6. Гусев атыс қаруын 2 жылдай заңсыз сақтады. Осы аралығында оның баласы осы қарумен азаматтарға екі рет қарақшылық шабуыл жасады. Бұл туралы Гусев полицияда білді.

Гусевтің әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі бар ма?

Созылмалы қылмыстық құқық бұзушылықтың жалғаспалы қылмыстық құқық бұзушылықтан айырмашылығы неде?

7. Семенов М., Андреев Е., Козлов Б. көлік жүргізуші А-ға шабуыл жасап, соққыға жығып, оған орта дәрежелі дене жарақатын келтірді. Содан кейін қолдарын байлап, далаға қалдырып, өздері көлікті жүргізіп кетті.

Кінәлі адамдар неше қылмыстық құқық бұзушылық жасады?

Құрамалы қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз не?

8. Бодров жеткіншек жасында (16 жас) абайсызда кісі өлтірді. Осы қылмыстық құқық бұзушылығы үшін жазасын өтеп жүріп, ол сотталған А-ға ауыр дәрежеде дене жарақатын салды, оның салдарынан ол қайтыс болды. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жазасын өтеп болғасын, ол бөтен біреудің мүлкін ұрлайды.

Істелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың қайталанушылық түрін анықтаңыздар.

9. Майгелдин бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасады. Қарағанды қаласында А-ның пәтеріне түсіп, жалпы құны 19950 теңге тұратын әр түрлі заттарды ұрлады. Жеткіншек Б-ны

пышақпен қорқытып, велосипедін тартып алды және оны бейтаныс адамдарға сатып жіберді. В-нің пәтерінің есігін бұзып кіріп, жалпы құны 8500 теңге тұратын заттарды ұрлап кетті.

Істелген қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің түрлерін анықтаңыздар.

Идеалды жиынтықтың реалды жиынтықтан айырмашылығы неде?

10. 3 жылға бостандығынан айыруға және ҚР ҚК-нің 63 бабының негізінде жазаны өтеуді 2 жылға сынақ мерзіміне қалдырып сотталған Мәтжанов, сынақ мерзімі аяқталған соң жеткіншек В-ны қылмыстық құқық бұзушылықтық әрекетке тартты. Содан кейін олар В-мен бірігіп, жеткіншек З-мен Д-ны тонады.

Мәтжановтың әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылықтың көптігінің қандай түрі бар?

Қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталануы бар ма?

ҚАСАҚАНА ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАУ САТЫЛАРЫ

1. 27.03.02 ж. Ешенов жолдасы Молоховпен әңгіме барысында «Люкс» ЖШС-нің қоймасына аудио, видео аппаратуралары түскенін және қойманы тек бір ғана күзетші күзететінін білді. Ол қойманы тонау үшін жоспар құрды. 30.03.09 ж. таңғы сағат 05.00-те күзетшіні айналып өтіп, ұрлық жасау ниетімен қоймаға кірді. Қойма бос болғандықтан ол қоймадан шығып кетеді.

*Ешеновтың әрекеті қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке жата ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

2. Николаев Кореневтен кәсіпкер Широқты өлтіруі үшін 3000 АҚШ долларын алған. Николаев кәсіпкерді оның үйінің жанында тосып алып, оған жүрегінің тұсынан 3 рет пышақпен соққы жасайды. Қансырап жатқан Широқты көршілері жедел дәрігер шақыртып, ол екі апта жан сақтау бөлімінде жатып шығып аман қалады.

*Осы жағдайда аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

3. Панкратов пен Миронов инкассатор көлігіне қарулы шабуыл жасап ақша иемденуге ниеттенеді. Сол үшін АК-47 автоматы мен екі Ф-1 гранаталарын заңсыз сатып алып, тонауға жоспар құрады. Жоспар бойынша олар алдын-ала белгіленген орында шабуыл жасауға дайындалады. Бірақ инкассатор көлігінің маршрутының өзгеруіне байланысты олардың ойы жүзеге аспады.

*Панкратов пен Мироновтың жауапкершілігі туралы сұрақтарды шешіңіз.
Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

4. Шохин Мамедовқа «ГТ» тапаншасын 400 долларға сатуға келіседі. Ақша қолына тиген Шохин қаруды ертең алып келемін деп түсіндіреді. Бірақ ол келесі күні келмей қалады.

*Шохинның әрекеттеріне қандай жаза бересіз?
Мамедовтың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

5. Жаза өтеуші Прокопьев пен Миносян 38-мекемеден қашпақ болады. Осы мақсатпен олар жоспар құрып, және наннан қарудың сұлбасын жасайды. Мекемеден шыға беріс жерде қару сұлбасымен жүргізушісін қорқытып көлікті иемденбек болған; бірақ сол мезетте қолға түседі.

Прокопьев пен Миносян қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

6. Дмитров 20 гр. есірткі затты (героин) Балабаевқа сатуға келіседі де бірақ героиннің орнына қант ұнтақшасын салып жібереді. Балабаев басқа біреулерге сату мақсатымен сол есірткі затын сатып алады.

*Дмитровтың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?
Балабаев қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

7. Мәуленов Пироговты өлтіру мақсатымен Довыдиннан аңшы мылтығын оқтарымен бірге сатып алады. Пироговты күтіп тұрып көздеп атуға оқталғанда жарамсызданған оқ-дәрілер атылмай қалады.

*Мәуленов қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

8. Шилова қарызын өтеуі үшін Балғабаевтан жалған 500 АҚШ долларын сатып алады. Олардың жалған екенін Балғабаевтың өзі білмеген, себебі ол ақшаларды орталық сауда дүкенінен сатып алған.

*Балғабаев қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

9. 17-жасар Тошин, Федоров, Блиновтар орталық алаңдағы ескерткішті қорлау мақсатымен 5 литр ашық түсті бояу сатып алады. Түнде олар ескерткішті боямақ болғанда полиция қызметкерлерінің қолына түсті.

*Жеткіншектер қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

10. Шиморев вокзалда жарылыс жасап террорлық акт жасау ниетімен Байматовтан 10 кг. тротил сатып алып, қолдан жарылғыш құралын жасайды. Оны дипломатқа салып, вокзал ішіне қалдырады. Жарылысқа жарты сағат қалғанда патруль наряды күдікті дипломатты қолға түсіріп, оны залалсыздандырып (зиян келтірмейтін етіп) үлгерді. Жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында келесі күні Шиморев тұтқындалды.

*Шиморевтың әрекеттерінде аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?
Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ҚАТЫСУ

1. Бөлмесін жөндеуіне байланысты Новиковтар – Валя мен Люся заттарының бір бөлігін ортақ асханаға шығарып қояды, олардың көршісі Мирошкин мас күйінде асханаға барып, темекісін тұтатып Новиковтардың заттарының үстіне жатып алады. Валя Мирошкиннен олардың заттарының үстінен тұруын және темекі шекпеуін сұрайды, осының нәтижесінде екеуі ұрсысып аяғы төбелеске ұласты. Люся Валяға көмекке келеді. Апалы-сіңлілілер бірлесіп Мирошкинді саты алаңына шығарып сатыдан төмен итеріп жібереді. Мирошкин құлаған уақытта басымен сатыға соғылады және алған жарақатынан келесі күні ауруханада қайтыс болады. Сот – дәрігерлік сараптаманың кесімінде көрсетілгендей Мирошкиннің өлімі басына түскен зақым, яғни миына қан кету нәтижесінде келгендігін көрсеткен.

Оларды қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылар деп тануға болады ма?

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың объективтік және субъективтік белгілерін атаңыз.

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

2. Иванов, Маженов, Орлов, және Юрий – Орловтың әйелімен кездесіп жүрген Петровтан кек алу мақсатында түнгі уақытта оған, біреуі – балғамен, келесісі таспен, үшіншісі – кастетпен, төртіншісі – пышақпен қаруланады да жабылып ұрады. Алған жарақатынан Петров қайтыс болады. Сот-дәрігерлік сараптамасының кесімінде, жәбірленушіге әртүрлі құралдармен басына соққылар жасалғаны, желке сүйегінің аумағындағы жарақаттан өлгенін көрсеткен. Сот оның зақымы Ивановтың балғамен ұрғанынан болғанын анықтады. Осыдан келе Иванов – орындаушы, ал қалған сотталушылар – көмектесушілер болып табылды делінген.

Соттың шешімі дұрыс па?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

3. Геологтар тобының жүргізушісі Владимиров және топтың жұмысшысы Маков тапсырылған бағыттан ауытқып кетіп жастардың кеші болып жатқан Володаровка ауылына автокөлікпен келеді. Ішіп алған олар ауыл азаматтарына тиісіп, балағаттай бастаған және төбелескен. Жергілікті жігіттердің қудалауына байланысты Владимиров пен Маков қашып, машинаға мініп, ауыл сыртына шығып кетеді. Маков Владимировқа ауылға қайтып барып, қудалаған балаларды машинамен қууды ұсынды. Машинаны бұрып, Владимиров ауылға кіреді де үлкен жылдамдықпен тұрғындарды қуады. Қорапта отырған Маков бейпіл сөздермен қоса “Бас оларды, бас”, – деп айқалап қолындағы күректі оңды-солды сермеген. Машинаны басқара алмай Владимиров талдың қасында тұрған бір топ адамды қағады. А. Степановқа өміріне қауіпті ауыр дене жарақатын, И. Степановтың денесіне орташа ауыр зақым және Иванованың денсаулығына жеңіл зақым келтіреді.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың түрлерін анықтап, жауапкершілік сипатын беріңіздер.

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

4. Гузов үнемі жұмысқа кешігіп келіп, өндірістік тәртіпті бұзған, сонымен қатар жұмысшылармен дөрекі сөйлескен. Цех бастығы Киреев Гузовтың тұрақсыз мінез-құлпын бірнеше рет сынаған (ескерткен). Бір күні Гузов цехқа мас күйінде келгенде, Киреев оны жұмыстан босатады. Зауыттың аумағынан шыққан Гузов шайханаға кіреді, онда зауытта бірге істеген Прохоровпен кездеседі. Онымен бір шөлмек арақ ішіп Гузов Киреевтің ескертулеріне Прохоровқа шағымдана бастайды. Прохоров оны тыңдап отырып: “Ал сен оны жақсылап соғып алсаң ғана, оның ақылы кірер”, – дейді. Жұмыс алдында ауысымның соңына қарай Гузов зауытқа өтетін жерге келеді, Киреевті күтіп алып онымен түсінісуге кіріседі, ол сен массың, сенімен сөйлеспеймін дегенде Киреевке шабуыл жасап, оны қатты ұрып тастайды.

Прохоров азғырушы ретінде жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?

Азғырушының объективтік және субъективтік белгілерін беріңіздер.

5. Абакуловқа үш белгісіз біреулер жабылады. Олардың біреуі жерге құлатып, оны ұстап тұрады, екіншісі ешкім келе жатқан жоқ па, деп қарауылдап тұрады, ал үшіншісі Абакуловтың қалтасынан портсигар және сағатын алады.

Қатысушылардың әрекеттеріндегі объективті байланыстарын көрсетіңіздер.

6. Панкова «Күлше» дүкенінің меңгерушісі болып істеп жүргенде 6 ай бойы үнемі экспедитор-жүргізуші Бобров және Румянцевтардан ұрланған кондитерлік және нан өнімдерін, қант, ашытқы, ұн алып отырған және дүкен арқылы оларды сатқан.

Панкованы Бобров және Румянцевтың жасаған ұрлықтарында қатысушысы деп тануға болады ма?

Осы қылмыстық құқық бұзушылықтағы әрқайсысының рөлдерін анықтаңыздар.

7. Истомин Демидовтан ұсақ калибрлі винтовка сатып алып, одан шолақ мылтық (обрез) жасайды және өзінен басқа үш адамнан (Зайцев, Кравченко және Оразов) тұратын топ құрады. Бірнеше ай бойы көрші облыстардың аудандарының дүкендеріне және азаматтарға шабуыл және тонау жасап жүрген. Шабуыл және тонау үшін мылтықтан басқа Пузиковтың автокөлігін қолданған. Топтың қатысушылары Костиннің және Васинаның үйінде баспана тапқан, олар ұрланған заттарды тығуға көмектескен.

Демидов винтовканы сатқанда құрылып жатқан бандалық топ туралы білген.

Қатысушылардың түрлерін және қатысу нысанын анықтаңыздар.

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

8. Түнгі сағат бірдің шамасында Журавлев әйелінің айқайынан оянып кетіп үйлеріне біреудің кіріп жатқанын көреді. Журавлев оны аңдып оның ауыл тұрғыны Евдокимов екенін білді де ұстап алып ұра бастады. Айқайға көршілер Моисеенко мен Петрухин жүгіріп келеді. Журавлев болған жағдайды айтады және барлығы бірге Евдокимовты полицияға апармақшы болғанда, Евдокимов қашпақ болады. Сонда Моисеенко және Петрухин Евдокимовтың қолынан ұстайды, ал Журавлев оны қылқындыра бастайды. Полиция қызметкерлері оқиға болған жерге келген кезде, олар Евдокимовтың жерде жатқанын көреді, оны тірі деп ойлап машинамен полиция бөліміне апарды. Ондағы болған дәрігер Евдокимовты қарап оның өлгенін анықтайды. Мәйітті сот-дәрігерлік куәландыру Евдокимовтың өлімі қылқындыру нәтижесінде келгені көрсетті.

Журавлевтың жасаған қылмыстық құқық бұзушылығында Моисеенко және Петрухин қатысушы болып танылулары мүмкін ба?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

9. Ведомстводан тыс элеватор күзетінің жұмысшылары Кузьменко мен Измаилов ауысымға түсер алдында элеватор жанында тұратын Филевскаямен бірнеше қап бидай әкеліп, оларды шатырға тығу керектігі туралы келіседі. Полиция қызметкерлері тапқан жағдайда Филевская бидайды станцияда Ақмола облысынан келген маусымдық жұмысшылардан жүкке (багажға) алмаған бидайынан сатып алдым деп айтуы керек деген. Филевская келіседі. Кузьменко мен Измаилов қарауы бастығының семинарға кеткенін пайдаланып, элеватор қоймасының он қап бидай ұрлап Филевскаяға әкеліп береді.

Қатысу нысанын анықтандар, Филевская қатысушы болып табыла ма?

10. Қайықтағы сатушылар Сафронова және Кулешова жыл бойы дүкен директорының бұйырығы бойынша сатуға алынған балықтың бір бөлігін директорға үнемі беріп отырған, ал ол оны өзіне алып отырған. Директордың былығы туралы Сафронова және Кулешоваға белгілі болған, бірақ олар жалақысы жақсы жұмысымыздан айырыламыз деп қорқып оның бұйырығына бағынып отырған. Сатушылар кем өлшеу арқылы сатып алушыларды алдап балықтың жетіспеушілігін жауып отырған.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың әрқайсысының рөлін анықтаныздар.

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

11. Смирнов ұрылар – Коротко, Рылов және Гришинмен қылмыстық құқық бұзушылықтық байланысқа кіріп, үнемі олардан ұрланған заттарын сатып алып сонан соң оны базарда көтерме бағамен сатқан.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу бар ма?

Бұл жағдайда Смирнов жауапкершілікке тартылатындай қатысу бар ма?

12. Алексеев және Зариров Панковқа қарақшылық шабуыл жасау үшін қару тауып беру өтінішімен келеді. Панков өзінің таныстарынан екі әскери оқ пен мылтық (обрез) және наган алады және оларды Алексеев пен Зарировқа береді. Олар қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаннан кейін оған ақша береміз деп уәде береді. Келесі күні Алексеев және Зариров «Аяжан» дүкенінің жұмысшыларына шабуыл жасап табыстарынан 50000 теңге алып кетеді.

Панков, Алексеев және Зариров жасаған қарақшылық шабуылдың қатысушысы деуге болады ма?

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың объективтік және субъективтік белгілерін атаңыздар.

13. Әскери қызметке шақыру алған Есененко өзінің нағашысы Егоровтың кеңесі бойынша медициналық комиссия өтіп жүрген кезде сылтауратып саңырау болады, бірақ ол әшкереленеді.

Қатысушылардың түрлерін анықтаңыздар, Егоров қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушы болып табылады ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

14. Бірнеше рет сотталған Ушаков Шопавалов пен Мироновты қылмыстық құқық бұзушылықтық әрекет жасауға тартты. Алдынала дайындалған жоспар бойынша Шаповалов және Миронов тирге кіреді де, тир меңгірушісіне қарсы шабуыл жасайды, оны пышақ және сүйменмен ұрып өлтіріп, тирден үш спорттық тапанша және 150 оқ алып кетеді.

Атыс қаруын иеленген Ушаков, Шаповалов және Миронов түнгі уақытта ауысымнан үйіне қайтып келе жатқан Блиновқа қарақшылық шабуыл жасап одан 3000 теңге алады. Сол қарудың көмегімен Ушаков Шаповалов және Миронов товар және ақшаны ұрлау мақсатында “сауда орталығының” қарауылына шабуыл жасап, оны өлтіріп, дүкенге кірген мезгілде полиция қызметкерлері ұстайды.

Қатысудың нысанын анықтаңыздар.

15. Автокөлік кәсіпорнының жүргізушісі Кузьмин, қант зауытында қант алып жатқан кезде автокөлікке 7 қап артық қант салады және зауыт аумағынан шығу амалын жасаған. Зауыт қарауылы Сулейменов оны байқап қалғандықтан ұсталмас үшін Кузьмин Сулейменовке үш қап қант береді, ол автокөлікті шығарып жібереді.

Сулейменов Кузьмин істеген ұрлықтың қатысушысы болады ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

ӘРЕКЕТТІҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫН ЖОЯТЫН МӘН-ЖАЙЛАР

1. Калашников Жакуповпен бірге, мас күйінде, Семеновты тоқтатты, және бірнеше рет бетінен жұдырықпен ұрды. Семенов жұлқынап құтылғысы келіп еді, Калашников оны жібермеді, тағы да бірнеше рет бетінен ұрып, оны шарбаққа қысып қылқындыра бастады. Семенов қалтасында бәкісі бары есіне түсіп, оны қолына алып, қорғану үшін, екі рет бәкісімен Калашниковты ұрды. Бірақ соңғы, тағы да, қатты тұншықтыра бастады, осы кезде Жакупов та оларға жақындап қалды, Семеновты ұрып жығу үшін көмекке келе жатты. Семенов Калашниковқа алты рет пышақ салды, нәтижесінде ол өлді.

Семеновтың әрекеті қажетті қорғаныс үшін жасады ма?

Талқылау үшін әртүрлі нұсқасын келтіріңіз.

2. Кешке үйіне келе жатқан бокс клубының жаттықтырушы Петровты қараңғы көшеде екі бейтаныс тоқтатты. Шабуылдан сезіктенген Петров бейтаныс біреуінің бетінен жұдырықпен ұрады да, екіншісін қолын бұрап полицияға алып келеді. Сұрау кезінде екі белгісіз Кожевников пен Акбаев қаланың қонақтары екені, Петровтан жақын маңайдағы көңіл көтеретін орынға қалай бару керек екенін білмек болғаны анықталды.

Қажетті қорғаныс, жалған қорғаныс, кешіккен қорғаныс деген ұғымдарды ашыңыз. Олардың қандай түрлері бар?

Петровтың әрекеті жалған қорғаныс үстінде жасалды деп тануға бола ма?

Оның жауапкершілігі қалай шешілуі тиісті?

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз

3. Үмбетқазиев, қатты мас күйінде поездің вагонында, қалтасынан бәкісін алып, жолаушыларға тиісе бастады. Ешкімнен қарсылық көрмеген ол, өзіне ескерту жасаған 56 жастағы Алексеевтың иығынан пышақпен бір ұрады, бірнеше жолаушының күртесін тіліп тастайды. Үмбетқазиевты вагонда келе жатқан полиция лейтенанты Сейтқазинның тапаншадан оқ атқаны тоқтатқандай болды. Бірақ та, атқаннан кейін иығынан жарақат алған бұзақы тынышталмай пышағымен азаматтарды қорқытуды жалғастыра береді. Тек екінші рет атылған оқ Үмбетқазиевты тоқтатты. Алған жарақаттарымен Үмбетқазиев және азамат Алексеев ауруханаға жеткізіліп, құтқарылды.

Үмбетқазиев пен Сейтқазинның әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.

Сейтқазинның әрекеті заңды ма?

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

4. Пак кешке үйіне келе жатқанда, аздап танитын Серіковке кездесті, ол Пакті өзіне қонаққа шақырды. Ол келіспеген соң Серіков оны күшпен қатар тұрған бос үйге кіргізіп өзінің ойын жасырмай, өзімен жыныстық қатынасқа келісуге күштей бастады. Пак бөлмеден шығуға көмекке шақыруға талпынып еді, бірақ оған жауап ретінде Серіков Пакті бірнеше рет беттен, денесінен ұрып жіберді, оның киімін жыртып, еденге құлатты. Пак еденде жатқан кірпішті алып, онымен бірнеше рет басынан ұрып, өзінің нәрселерін алып қашып кетті. Сол күні Пак полицияға барып арызданды. Серіковқа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтық іс қозғалды, бірақ та жеті күннен кейін күдіктінің өліміне байланысты іс жабылды.

Пак қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?

Ол қорғаныс кезінде қажетті шамадан асып кеткен жоқ па?

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

5. Лигачев пен Қайыров ұры Хайруллинді тауып алған соң, қолдарына таяқ алып оны құды, әуелде қашып құтылмақ болған Хайруллин, құтыла алмасын білген соң тоқтады. Лигачев пен Қайыров Хайруллинге жүгіріп жетіп оның өтінішіне қарамай таяқтарымен арқасынан бірнеше рет ұрып, денсаулығына орта дәрежедегі зиян келтірді.

Лигачев пен Қайыровтың әрекеті заңды ма?

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

6. Новодубовка ауылының дүкен күзетшісі Самойлов түнде күзететін ауласын аралап жүріп, өзі күзететін дүкеннің қоймасынан азық артып жатқан тонаушы Өтебаевтың қылмыстық құқық бұзушылығының үстінен түседі. Самойлов заңға қайшы істің бетін қайтарып қылмыстық құқық бұзушылықкерді ұстады. Оны байлап, Самойлов ұсталғанды өзінің гаражына апарып, бір күн бойы тамақсыз ұстайды, тек сосын болған жағдайды полицияға хабарлады.

*Самойловтың әрекеті заңды ма?
Бұл жағдайда Смойлов не істеу керек еді?
Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.*

7. Семенов тиісті рұқсатсыз, тиым салынған уақытта жабайы үйректерге аңшылық жасады. Атып алған алты үйрекпен қайтып келе жатқанда оны орманшы Миронов тоқтатты. Орманшы заңсыз аңшылық фактісін, оны кім істегенін айқындап, және оның заңсыз алған құстарын алып, Семеновтың полицияға баруын талап етті. Бірақ, Семенов оның талабын орындаудан бас тартты. Сонда Миронов Семеновты полицияға зорлап апармаққа болып, қолын арқасына қайырғанда, сындырып, зақым келтірді.

*Орманышының әрекетіне құқықтық баға беріңіз.
Семеновты ұстау кезіндегі Мироновтың әрекеті заңды деп тануға бола ма?
Талқылау үшін әртүрлі нұсқаларын келтіріңіз.*

8. Жолда келе жатқан бір қалааралық жолаушылар автобусын полиция киімін киген үш белгісіз адам тоқтатып, қару қолданамыз деп қорқытып, жолаушылардың бағалы заттарын алып «Волга» автокөлігіне отырып, кетіп қалды. Автобус жүргізуші Коромыслов жолаушыларды түсіріп, қуғындауға кірісті. Теміртауға жете бергенде қылмыстық құқық бұзушылықкерлерді қуып жетіп, олардың автокөлігінің артынан соқты. Нәтижесінде автобусқа қатты зақым келіп автошаруашылыққа ірі шығын келді.

*Қол сұғушыларды ұстау кезінде автобустың жүргізушісі қажетті қорғаныс үшін әрекет жасады ма, әлде аса қажеттілік пе?
Талқылау үшін әртүрлі нұсқаларын келтіріңіз.*

9. Ымыртта Хасанов байқамай екі бейтаныс адамның дүкеннің есігіндегі құлыпты бұзып жатқанын көріп қалды. Тасаға тығылып, ол қызығушылықпен қылмыстық құқық бұзушылықкерлерді бақылаумен болды. Сол арада ұрылар күзет жұмысшысы Мыңжасовтың көзіне түсіп қалды. Жоғарыға атып, Мыңжасов қылмыстық құқық бұзушылықкерлерге қолдарын көтеруге бұйрық берді. Олар талапты орындамай Хасанов тығылып тұрған жаққа қашты. Мыңжасов тағы да бір рет атты. Атыстан қорқып, Хасанов та қылмыстық құқық бұзушылықкерлердің ізінше жүгірді. Қашып бара жатқан Хасановты Мыңжасовы ұрлыққа қатысты қылмыстық құқық бұзушылықкерлердің біреуі деп, тоқтату мақсатымен, оған оқ атты да, оның денсаулығына орташа дәрежеде зиян келтірді.

*Денсаулыққа зиян келтіргені үшін Минжасов қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартыла ма?
Осы жағдайға қылмыстық құқық бұзушылықтық құқықтық баға беріңіз.
Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.*

10. Екі монтер жоғарғы кернеулі электр жүйесінің жанында жұмыс істеп жатты. Олардың біреуі биік баспалдақта тұрды, ал екіншісі төменнен оған материал мен құрал-саймандар беріп тұрды. Жұмыс барысында баспалдақта тұрған монтер байқаусызда жоғарғы жүйедегі сымға ілініп қалып, өміріне тікелей қауіп төну жағдайы туды. Жолдасын құтқару үшін екінші монтер баспалдақты зардап шегушінің аяқ астынан қағып түсірді. Нәтижесінде зардап шегуші бетонды жерге құлап, ауыр жарақат алды.

*Екінші қызметкердің әрекеті, аса қажеттілік жағдайында жасады деп тануға бола ма?
Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.*

11. Жедел уәкіл Сидоров, іздеуде жүрген, аса қауіпті қылмыстық құқық бұзушылықкер Ботпаевты қуып келе жатып жолдың жиегінде тұрған азамат Потаниннің жеңіл автокөлігін құтылып бара жатқан Ботпаевты қуып жетіп ұстау мақсатымен пайдалануға мәжбүр болды. Қудалау нәтижесінде Ботпаев ұсталып, заң орнына жеткізілді, ал Потаниннің автокөлігі жөндеуге келмейтіндей зақымдалды.

*Сидоровтың әрекеті аса қажеттілікке әлде негізді тәуекелге жата ма?
Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.*

12. 31 желтоқсаннан бірінші қаңтарға қараған түнде Октябрь полиция бөлімінің кезекшісіне жүйке ауруы бар Козух таныстары Щипалов және Пакпен бірге спирт ішімдігін ішіп, балтаны алып, мені ренжіттің деп Щипалов пен Пакты қуғындағаны туралы хабар түседі. Келген жедел топ қоғамға қауіпті қылмыстық құқық бұзушылықты алдын алу мақсатында Козухты байлап, әбден есін жинағанша үйдің бір бөлмесіне жауып кетуге мәжбүр болды.

Полиция қызметкерлерінің әрекеті заңды ма?

Олар қылмыстық құқық бұзушылықты болдырмау жағдайында әрекет жасады ма?

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

13. Құқыққорғау органының қызметкері Шумилов, жалған ақша таратумен айналысатын топтың мүшелерін ұстау мақсатында сол ұйымға кіргізілді. Қылмыстық құқық бұзушылықтық әрекет істеген болып Шумилов, жеті мың жалған АҚШ долларын алғысы келген кісіні тапты. Екі жақпен қай жерде, қай уақытта кездесетіндерін келісіп Шумилов құқық қорғау мекемелерінің қызметкерлеріне хабар берді. Жүргізілген іс әрекеттермен топтың барлық мүшелері әшкереленіп жауапкершілікке тартылды.

Шумиловтың әрекетіне қылмыстық құқық бұзушылықтық-құқықтық баға беріңіз.

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

14. Қылмыстық құқық бұзушылықтық істі тексеруде заңсыз кәсіпкерлікпен айналысу фактісі бойынша істің шешілуіне мүдделі болған Потапов сұралды. Жедел уәкіл Сабилов Потаповтан нақтылы мәлімет алу мақсатында болған жағдайды суреттеп жедел уәкілге белгілі мәліметтерді пайдаланып, және Потаповқа оның сыбайласы: «Мен заңсыз іспен айналысқан жоқпын» деп Чередниченко жазды деген жалған қолхатты көрсетті. Сөйтіп бар кінәні Потаповқа артты. Кейінгі бәрін мойнына алып, барлық болған істің мән жайын айтып берді

Сабировтың әрекетіне қылмыстық құқық бұзушылықтық-құқықтық баға беріңіз.

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

15. Дәрігер-ғалымдар Степанов пен Пономаренко өте көп тараған қиын емделетін, тіпті мүгедек қылатын ауруды емдейтін вакцинаны ойлап тапты. Оның әсерін тексеру үшін оны өздерінің балаларына екті, соның нәтижесінде олар ауыр науқастанды.

Тәжірибешілердің тәуекел етулері негізді ме?

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

16. Спирттік ішімдік ішіп алған, бірнеше рет сотталған Клещев екінші дәрежедегі мүгедек Мохначевқа, қылмыстық құқық бұзушылық жасау ниетімен, Яковлеваға барып шарап алайық деп ұсыныс жасады. Яковлева шарап сатудан бас тартқанда, Клещев пышағын алып, онымен қорқытып, талаптарын орындауға мәжбүрледі. Бұны көрген Мохначев қорқып, үйден қашып шықты. Ол жоқта Клещев Яковлеваны өлтірді, одан кейін пышақпен қорқытып Мохначевты үйге қайтып кіруге, зардап шеккеннің ақшаларын тауып, қылмыстық құқық бұзушылық болған жердің ізін сүртуге мәжбүр етті.

Клещев пен Мохначевтың әрекеттеріне баға беріңіз.

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

17. Бір топ жеткіншек жатақханада спирт ішімдігін ішіп алып, көңіл көтеруді жалғастыру мақсатында, сол қабатта тұратын Мойзерден бір шөлмек арақ сыйлауын, арақ құюын талап етті. Үйде арақ жоқ деп Мойзер бас тартты. Сол үшін жеткіншектер оны зорламақ болды. Бөлменің есігін жауып, олар кезекпен өз ойларын жүзеге асырды. Соңғысына кезек келгенде ол бас тартты. Оның сыбайластары көзінді құртамыз деп қорқытып, оны зорлық жасауға мәжбүр етті, содан кейін бәрі жиналып, кетіп қалды.

Соңғы қылмыстық құқық бұзушылықкер қылмыстық құқық бұзушылықты әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылықтылығын жоятын жағдайында әрекет жасады ма?

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

18. Техник, лейтенант Алексеев өзінің қол астындағы Стриженовке автокөлік жүргізуге куәлігі жоқтығын біле тұра гараждағы машинаны алып өзінің соңынан жүруге бұйрық берді. Алдыда тоқтап тұрған машинаны айналып өтем дегенде Стриженов оны оң жағымен соқты, нәтижесінде өзі жүргізіп келе жатқан машинадағы бір жолаушы зардап шекті.

Әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылықтылығын жоятын мән-жайларға сүйеніп Алексеев пен Стриженовтің әрекеттеріне қылмыстық құқық бұзушылықтық-құқықтық баға беріңіз.

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

19. Жолаушы ұшағы ұшып келе жатқанда артқы бөлімінің қаптамасында жарық пайда болуынан кеме ішіндегі температура күрт төмендеді. Корабльдің командирі Шустов апат болатынын көріп, бір ұшқышқа үсіп қалмаудан қорғау үшін, қаптаманың сөгілген жерін ұстап

тұруға тапсырма берді. Тапсырма орындалды, апаттың алды алынды, бірақ ұшқыш қолдарын үсітіп алды, сол себеп оны үшінші топтағы мүгедек деп тануға негіз болды.

Әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылықтылығын жоятын мән-жайлар жөніндегі түсініктемелерге сүйеніп Шустовтың әрекетіне талдау беріңіз.

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

20. Репкиннің үйінде өрт шыққан кезде фермерлік шаруашылықтың төрағасы Чен өрттің жалыны басқа да үйлерге өршіп кетпес үшін Плюевтың үйін бұзуға нұсқау берді. Өртті сөндіру кезінде аяқ астынан басталған жел басылып өрт жылдам сөндірілді. Ауыл әкімі Ченді қасақана үйін бұзғызуға бұйрық берді деп сотқа қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тарту туралы арыз берді.

Ченнің істеген қылығы қылмыстық құқық бұзушылыққа жата ма?

Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

ЖАЗАНЫҢ ҰҒЫМЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ. ЖАЗАНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ЖҮЙЕСІ.

1. Байкенов ҚК 347-бабымен /55-бапты қолдана отырып/ бір мың айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салынып, табысының 20 % мемлекеттің кірісіне ұстау белгіленген. Сонымен қатар негізгі жазаны өтеу мерзімінде көлік жүргізу құқығынан өмір бойына айыру – қосымша жаза ретінде қолданылған.

Соттың шешімін талдаңыздар.

Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.

2. Сот 16 жасар Терebilовты қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтірген – деп, алты жылға бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемеге өтеуге үкім шығарды.

Сот үкімі заңды ма?

Сот Терebilов 18 жасқа толғаннан кейін жазасын өтеуге орташа қауіпсіз мекемесінде ауыстыруын белгілей ала ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

3. Бочкарев үш жылға бостандығынан айыру жазасына сотталып, қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтілуі көрсетілген. Бочкарев бұрын қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартылмаған.

Бочкаревтың қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтеу мерзімін тағайындауды сот дұрыс шешті ме?

Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.

4. 15 жастағы Королев орман өртегені үшін төрт жылға бірінші рет бостандығынан айыру жазасына сотталған.

Соттың тағайындаған жаза дұрыс па?

Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.

5. ҚР ҚК 322-бабының 1-бөлігімен Бөкеноваға соттың үкімі бойынша жүз айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салынған.

Соттың үкімі заңға сәйкес пе?

Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.

6. Кесеров қойманың меңгерушісі жұмысында жүріп, өзінің қызмет жағдайын пайдаланып, мүлікті ұрлағаны үшін ҚР ҚК 189-бабының 2-бөлігінің 3-тармағымен екі жылға бостандығынан айыруға орташа қауіпсіз мекемесіне өтеуге, сауда ұйымдарда қызмет міндетін атқару құқығынан айыру жазасы тағайындалған. Кесеров бұрын өлтіруге қауіп туғызғаны үшін бостандығынан айыру жазасына сотталған, соттылығы жойылған.

Кесеровке белгіленген жаза дұрыс па?

Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.

7. Назароваға ҚР ҚК 204-бабының 1-бөлігімен бір жүз айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салынған, 131-баптың 1-бөлігімен дәл сондай мөлшерде жазаға және мүлігін тәркілеуге сотталған. Қорғаушы өзінің шағымында мүлкін тәркіледуді алып тастауды сұраған, ол мұның түзеу жұмысына қосымша жаза ретінде қолданылмайтындығын көрсеткен.

Қорғаушының шағымын қанағаттандыруға негіз бар ма?

Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.

8. Гуров ҚР ҚК 297-бабының 3-бөлігімен он бес жылға сотталған

Гуров мекеменің қандай түрінде жазасын өтеу керек?

Сот Гуровке жазасын қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтеуін тағайындауға құқылы ма?

9. Каймековке ҚР ҚК 132-бабының 4-бөлігімен бес жылға бостандығынан айыру және белгілі бір лауазымды атқару құқысынан бес жылға айыру жазасы тағайындалған

Сот үкімі заңға сәйкес пе?

Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.

ЖАЗАНЫ ТАҒАЙЫНДАУ

1. Соттың үкімі бойынша Абдеев ҚР ҚК 120-бабының 1-бөлігіне сәйкес 8 жылға бостандығынан айрылды. ҚР ҚК 120-бабы, 1-бөлігінде қарастырылған жоғары жазаны тағайындауда сот жауапкершілік пен жазаны ауырлататын жағдайларға жүгінді. Сот үкімінің жазаны негіздеуге қатысты бөлігінде Абдеев ауыр қылмыстық құқық бұзушылық жасауға өзін кінәлі деп мойындамай, жасаған ауыр қылмыстық құқық бұзушылық үшін өкінбейтіндігін, бұл сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтың көп таралғандығына жүгінді деп көрсетілген. Сонымен қоса сот Абдеевтің бұрын сотталмағандығын, оның асырауында жеткіншек үш баласы бар екендігін және жұмыс орнынан жағымды мінездемесі сияқты жеңілдетілген жағдайларды қарастырмаған.

Сот үкімі дұрыс па?

Соттың заңда көрсетілмеген жеңілдету және ауырлату сияқты жағдайларына жүгінгені дұрыс па?

2. Сот үкімімен Золин ҚР ҚК 293-бабы 2-бөлімі 2-тармағы бойынша 4 жылға бостандығынан айрылды. 3 жыл жазасын өтегеннен кейін азамат Золин № 37 мекемесінің әкімшілігіне басқа бір қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәсін мойындап келеді. Ол бұрын сотталмай тұрғанда Нехотяевты тонағанын мойындайды.

Золінді жаза тағайындағанда соңғы шешім қалай қабылдануы тиіс?

Жазаны тағайындауда сот қандай жағдайларға сүйене алады?

3. Жеткіншек Смирнов, Чуриков және Жуйков мас күйінде мектеп-интернат директорының кабинетіне тонау мақсатында кірген. Бірақ олар ол жерден бағалы ештеңе таппайды. Сол күні кешке олар азық дүкенінде көп мөлшерде шарап алып тұрған Галимовты байқайды да, оны тонамақ болады. Мектеп-интернаттың жанына тақап қалғанда Смирнов Галимовты қуып жетіп, оны соққыға жығады. Артынан келген Чуриков пен Жуйков шарап толы сөмкені алып, оқиға болған жерден үшеуі де қашып кетеді.

Көрсетілген тұлғалардың қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартылуын шешіңіз.

Қандай қағида бойынша жазаның түрі анықталады?

Сот шешім шығарғанда қандай жағдайларды еске алады?

4. Сот үкімімен Летунов ҚР ҚК 188-бабының 1-бөлімі бойынша 2 жылға бостандығынан айрылады. ҚР ҚК 63-бабына сәйкес оған жаза шартты түрде 3 жылға сынау мерзімімен беріледі.

Сот Летуновқа шартты түрде бостандығынан айыруды дұрыс берді ме?

Талқылауға түрлі нұсқаулар құрастырыңыз.

5. Сот үкімімен Қарсыбаеваға ҚР ҚК 319-бабының 3-бөлігі бойынша 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен айыппұл салынып және оны медициналық мекемелерде жұмыс істеу құқығынан айырады. Ол терапевт дәрігері болып жұмыс істеп жүргенде жүктілігі 12 аптадан асқан Р. деген азаматшаның жүктілігін жасанды түрде тоқтатқан. Ал бұл мерзімде түсік жасауға заңды түрде тыйым салынады.

Сот шешімін сараптаңыз.

Талқылауға нұсқалар құрастырыңыз.

6. Ильин ҚР ҚК 106-бабының 1-бөлігі бойынша 6 жылға бостандығынан айрылды. 4 жыл 22 күн жазасын өтеген соң, ол мерзімінен бұрын шартты түрде босатылады. Бір ай өткен соң Ильин бұзақылық ниетпен Монгушты өлтіреді /ҚР ҚК 99-бабы, 2-бөлімі/. Облыстық сот үкімінде Ильиннің істеген әрекетінде қауіпті қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталануы белгілері бар деп анықталды.

Сот шешімін сараптаңыз.

Талқылауға нұсқалар құрастырыңыз.

7. Бұрын байқаусызда қаза келтіргені үшін сотты болған Ремизов С. деген жеткіншекті зорлайды. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықты жасау барысында ол жеткіншектің денсаулығына ауыр зиян келтіріп, оны өлтіремін деп қорқытқан. Тексеру кезінде Ремизовтың бұрын басқа қалада ашық жымқыру жасағаны анықталды. Ремизов ҚР ҚК 120-бабының 3-1-

бөлігі 1-тармағы бойынша 16 жылға және 191-баптың 1-бөлігі бойынша 3 жылға бостандығынан айрылды.

Ремизовқа тағайындалған жазаның соңғы шешімін анықтаңыз.

Талқылауға нұсқалар құрастырыңыз.

8. Малышев мас күйінде өзіне бейтаныс Рахимов отырған таксиге келіп, алдыңғы орынға жайғасады. Көлікте Рахимовтан өзге оның үш жолдасы отырды. Жүргізуші лық толы жолаушыларды тасымалдаудан бас тартқан кезде Малышев Рахимовтың ішіне пышақ сұғып алады да оны өлтіреді. Сот Малышевтың қылмыстық құқық бұзушылықтық ісін қарап, оның еш жерде жұмыс істемейтінін және қоғамға жат қылықтарымен өмір сүретінін анықтады. Және де бұрын бұзақылық және қарақшылықпен екі рет сотталғандығы белгілі болды. Рахимовты өлтіргені үшін ол ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі 9-тармағы бойынша бас бостандығынан өмір бойына айыруға жазаланды. Прокурордың наразылығымен сот тағайындаған жазасын 20 жыл бостандығынан айыруға ауыстырды.

Осы жағдайды құқықтық тұрғыдан бағалаңыз.

Сот шешімімен келісесіз бе?

Талқылауға нұсқалар құрастырыңыз.

9. Мезгілбаев жүргізуші куәлігі жоқ бола тұра ағасынан «Нива» көлігін ауылдағы жолдасына бір аптаға барып қайтуға сұрап алған. Шындығына келгенде ол алыс ауданға барып, заңсыз аң аулаумен айналысқан. Сот оны ҚР ҚК 337-бабының 1-бөлігі бойынша 1 жылға бас бостандығын шектеу жазасына тартылды және көлік пен алынған аң терілерін тәркіледі.

Соттың шешімі заңды ма?

Талқылауға нұсқалар құрастырыңыз.

10. Насенова ҚР ҚК 320-бабының 1-бөлігі бойынша 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде түзеу жұмыстарына жіберілу және 131-баптың 1-бөлігіне сәйкес дәл осындай жазаға мүлкін тәркілеумен қоса тартылады. Қорғаушысы өзінің шағымында мүлкін тәркілеуді алып тастауды сұраған, өйткені ол қосымша жаза болып саналады.

ҚР ҚК бойынша соңғы жазаны анықтаңыз.

Қорғаушының шағымы шешімін таба ма?

Талқылауға нұсқалар құрастырыңыз.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ЖӘНЕ ЖАЗАДАН БОСАТУ. СОТТАЛҒАНДЫҚТЫ ЖОЮ ЖӘНЕ АЛЫП ТАСТАУ

1. Құрылыс басқармасының жұмысшысы Рашидов сол ұйымның жүргізушісі Сафроновпен келісіп 65 мың теңгенің 24 бөлшегін ұрлап кетеді. Оларды көлікпен сыртқа шығарып, басқа адамдарға сатып, түсім ақшаны олар өз араларында бөліп алады. Үш жыл бойы Рашидов адал жұмыс істеп, үлкен жетістіктерге жетіп, құрылыс институтының кешкі бөлімінде оқып, қоғамдық өмірге белсене араласады. Өз істеген ісіне ұялып, Рашидов полиция бөліміне келіп Сафронов екеуі жасаған ұрлық туралы айтып береді.

Рашидовты жазадан босатуға бола ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

2. Алиев банданың, яғни, тұрақты қылмыстық құқық бұзушылықты қарулы топтың қатысушысы бола тұрып, азаматтарға олардың мүлкін ұрлау үшін бірнеше рет шабуыл жасайды. Алиевтың қатысуымен сол топ Маслов деген азаматты өлтіріп, сонан соң банда мүшелері тарап кетеді. 15 жылдан соң басқа фамилиямен тұрып жатқан Алиев ұсталып, қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершілікке тартылып 15 жыл бостандығынан айыру жазасына кесіледі.

Сот үкіміне баға беріңіз.

Осы жайға байланысты ҚР ҚК 71-бабын қолдануға негіз бар ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

3. Бұзақылық жасаған Якимов ҚР ҚК 293-бабының 2-бөлігі 2-тармағы бойынша 3 жылға бас бостандығынан айрылады. Бір жыл жазасын өтеген соң оны жақсы мінез-құлқына қарай жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатады. 3 айдан кейін Якимов ҚР ҚК 188-бабының 1-бөлігімен көрсетілген ұрлық жасап, 1 жылға бас бостандығынан айрылды, ал ҚР ҚК 60-бабын қолданып 3 жылға бостандығынан айрылды.

Сот Якимовқа қатысты жазаны мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды дұрыс қолданды ма?

Якимовқа қайтадан жазаны мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдануға бола ма?

18 жасқа толмағандарға жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолданудың негізін айтыңыз.

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

4. 2014 ж. 14-ақпанында Мұқашев мас күйінде жүрген Федоровты тонап кетеді. Қарсылық көрсеткен Федоровты жұдырықпен бірнеше рет ұрып, бірақ денсаулығына зақым келтірмеді. Қылмыстық құқық бұзушылықкердің кім екендігі анықталмағандықтан тергеу уақытша тоқтатылады. 2019 ж. ҚР ҚК 191-бабының 2-бөлігі бойынша Мұқашев осы қылмыстық құқық бұзушылығы үшін жауапқа тартылды. Тергеудің аяғына қарай Мұқашевтың қылмыстық құқық бұзушылықты бірінші рет жасағаны, жасағанына өкінетіні, 2016 жылдан Қарағанды көмір бассейнінде комбайнер боп істеп, өзін жұмыста жақсы жағынан танытқаны үшін мақтау қағазымен марапаттағандығы анықталды.

Мұқашевқа қатысты ҚР ҚК 65-бабын қолдануға бола ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

5. Бірнеше рет сотталған Шадчин 2015 жылы 7-наурызда сот үкімімен ҚР ҚК 293-бабының 3-бөлігі 2-тармағы бойынша 4 жылға бас бостандығынан айрылуға сотталып, жазасын қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өткізеді. 2017 ж. 9-қыркүйекте Қарағанды қаласы Қазыбек би сотының шешімімен ол жазасын өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатылды. Одан бұрын да Шадчин жазасын өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған болатын.

Орташа қауіпсіз мекемесінен Шадчинді жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатуы негізді ме?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

6. 2000 ж. Сиволапов кісі өлтіргені үшін 11 жылға бостандығынан айрылып, 2011 ж. бостандыққа шығады. 2019 ж. шілде айында Сиволапов жұмыс орныда өзінің жеке ісін қайтадан қарап, құжаттарындағы соттылықты жою туралы талап етеді.

Сиволаповтың талабы заңды ма?

Соттылықты жою және алып тастаудың айырмашылығы неде?

7. Дәрігердің қабылдауында отырған Маханов оның жоқтығын пайдаланып, 6800 теңге тұратын тонометрді ұрлап кетеді. Прокуратура бұл іс бойынша іс қозғауға рұқсат бермеді, себебі оның әрекетінің елеулі маңызы болмағандықтан оны қоғамдық қауіпті емес және ұрлықтың формальды белгілері ғана бар екендігін алға тартты.

Әрекеттің елеулі маңызы болмауы қылмыстық құқық бұзушылықтық жазадан босатуға негіз бола ма әлде жауапкершіліктен босатады ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

8. Сухонин автокөлікті заңсыз айдап кеткені үшін кінәлі болды. Алдын ала тергеу барысында оның бұл істі қысымның күшімен (күштеп мәжбүрлеудің салдарынан) жасағандығы анықталды. Тергеуші Сухонинге қатысты «бұл әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамы жоқ» деп, бұл істі жабады.

Мұны қылмыстық құқық бұзушылықтық жазадан босатудың негізі деп қарастыруға бола ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

9. 2016 ж. 2-қаңтарда мас күйінде болған Тюрин бұзақылық ниетпен Сабаховты өлтіреді. Қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершіліктен қорқып ол ауылдан қашып, Ақтөбедегі туысқандарында тұрады. 2021 ж. 12-қаңтарда ол автобуста офицердің жеке куәлігін ұрлап алып, оны өз атына жасап алады. Сол жылы 16-қаңтарда Тюрин қолға түседі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың ескіруіне байланысты сұрақ қалай шешілуі тиіс?

Бірінші қылмыстық құқық бұзушылығы жасағаннан 10 жыл өткен соң оны бірінші қылмыстық құқық бұзушылығы үшін жауапкершілікке тартуға бола ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

10. 2017 ж. 8-қаңтарда Силова тергеушіге оны азамат Вахабитов зорлады деп арыз түсірді. Соттық талқылау барысында ол кінәлінің келтірген зиянның есесін қайтарған зардабына қанағаттанғандығын және оны қылмыстық құқық бұзушылықтық жазадан босатуға қарсы еместігін білдірді.

Сот Вахабитовты жәбірленушімен бітімдесуіне байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтық жауапкершіліктен босата ала ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының отырысында талқыланды және мақұлданды. 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 13 хаттама